

Лондон Ситидің Лорд - Мэрі Джон Статтардтың Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы N 72-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы екі жақты қаржылық ынтымақтастықты тереңдету және 2007 жылғы 28 - 30 наурыз кезеңінде Астана және Алматы қалаларында Лондон Ситидің Лорд - Мэрі Джон Статтардтың Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі делегациясының жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің делегациясын әуежайлардың VIP-залдарында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, баратын орындарында бірге жүруді, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі делегациясының құрметіне Алматы қаласында ресми қабылдауды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

